



**АСТАНА**

**АҚШАМЫ**

## ҚАРЫС ЖЕРІН ҚОРЫҒАН ҚАЗАҒЫНЫҢ АБЫЛАЙ ХАННЫҢ АРМАНЫ ҚАНДАЙ ЕДІ?



*Өткен сенбі күні Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық Қазақ музыкалық драма театры «Абылай ханның арманы» атты тарихи драманы Қазақ хандығының биылғы 550 жылдық мерейтойына арнап, жаңа нұсқада ұсынды. Бірқатар өңдеуден өтіп, жаңаша сипатта сахнаға жол тартқан қойылымды ҚР Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова арнайы келіп тамашалады.*

Драма авторы – белгілі жазушы-драматург Думан Рамазан мен қоюшы режиссері Болат Ұзақов туынды арқылы тарихи тұлғаның көшбасшылық қасиетімен бірге, адами болмыс-бітімін, сұңғыла саясаткерлігін, көзсіз батырлығын ашуды мақсат тұтты. Режиссердің айтуынша, қойылым желісіне тарихымызды ашатын жаңа деректер кіріктіріліп, мәтіні де толықтырылған. Айта кетейік, қос автор бұдан бұрын «Кенесары – Күнімжан» атты қазақтың соңғы ханына қатысты тарихи драманы көрерменнің назарына ұсынды. Бұл қойылым театр сахнасында бірнеше жылдар көлемінде табысты жүріп келеді.

Бүгінгі таңда жас ұрпақтың бойына отаншылдық рухын себу маңызды мәселелердің қатарына шығып отыр. «Абылай ханның арманы» драмасының авторлары алдымен соған емеурін танытады. Қойылым қазір өзіміз өмір сүріп отырған заманмен ашылады. Шымылдық көтерілгенде көрермендер сахнада отырған атасы мен немересін көреді. Баланың қолында үлкен кітап. Ондағы суреттерді қызықтап отырған жеткіншек атасына сұрақтар қоя бастайды. Аталы-немерелі екеуара әңгіме хан Абылай бейнелеген тұсқа бөгелгенде, тарихқа сапар басталады.

Жас Абылай жоңғардың атақты батыры Шарышты жекпе-жекте өлтіргеннен кейін жылдар бойы қазақтың жеріне көз алартқан жау оған кек сақтап қалады. Жоңғар қоңтайшысы Қалдан Серен Абылайды қалайда қолға түсіруді ойластырады. Ақыры бұл ойы іске асып, ұсталып, байланып-

маталған Абылай қоңтайшының ордасына әкелінеді. Оны ұстаған Шарыштың інісі Жалбының жүрегінде кек қайнап тұрады. Қалдан Сереннен Абылайдың басын алуды сұрайды. Алайда, қоңтайшы оған рұқсат бермейді.

Алдында Қалдан Серен :«Кім Абылайды алдыма әкеледі, соған қызым Топышты беремін» деп, жар салған екен. Жалбы сонан да дәмелі. Алайда, Топыш оны менсінбей, қазақ ханын таңдағанын сездіреді. Сол үшін де Жалбының қаны басына шабады. Ол қапаста қамалып отырған Абылайды өлтіргелі келгенде тұтқынды Әмірсана құтқарып қалады. Абылай мен Әмірсана сол уақытта анда болуға серттеседі.



Абылайдың жоңғарлардың тұтқынынан аман босағаны тарихтан белгілі. Оның қалай болғаны жөнінде тарихшылар бірнеше дәйектерді ұсынады. Драмада Абылайды Қаздауысты Қазыбек би құтқарып алып кетеді. Бидің кесек турайтын кемел сөздеріне, даналығына тәнтгі болып қалған Қалдан Серен Абылайдың өзімен де тілдескеннен кейін би мен ханның оңай адамдар емес екеніне көзі жетеді. Абылайды біраз сынағаннан кейін оның сұңғылалығын мойындайды. Хан мен қоңтайшы осыдан соң екі ел арасындағы соғысты тоқтатып, бейбіт өмір кешуге уағдаласады. Қалдан Серен Абылайға бас бостандығымен бірге қызы Топышты да сыйлайды. Мұны естіген Жалбы уәдесінде тұрмаған қоңтайшыдан қалайда кегін қайтаруды ойластырады. Қойылымның алғашқы бөлімінің желісі осылай өрбиді.

Екінші бөлім Абылайдың ордасына Әмірсананың келуімен басталады. Бұл уақытта Топыш сұлу Абылайға ұл тауып берген екен. Бауы берік болсын айтып келген Әмірсанаға Абылай ұлының атын өзінің бабасының құрметіне Қасым деп қойғанын жеткізеді. Әмірсана тек қуанышпен құттықтап келмегенін сездіріп, жоңғар елінің басына қиын күн туғанын, Қалдан Серен өлтіріліп, билікке талас басталғанын, өзінің де тақтан үміті барын айтып, Абылайдан сол мақсатқа жету үшін көмек сұрайды. Абылай андасына

жәрдем беремін дейді. Бірақ, қоңтайшы Әмірсамен серіктескен Даошы болады, сен тақ мұрагері боласың деген шарт қояды. Одан кеткен Әмірсама қытайлармен қосылады. Ақыры қолтығына келіп кіргенде қылғыта жұтатын қытайлардың зымиян саясаты іске асып, жоңғардың тоз-тозы шығады. Сөйтіп, Әмірсама өз ақымақтығынан опық жейді. Соңында Ресей империясынан көмек сұраймын деп, басынан айырылады.

Абылай хандық құрған дәуірде осы Қытай мен Ресей қазақ жерінің екі бүйірінен қысып отырғаны тарихтан аян. Абылай осы екі елдің билеушілерінің де қолына тізгінді толық бермей, жері мен елінің бүтіндігін сақтап, арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмей айлалы саясатты ұстанды. Қойылымда ол анық көрінеді. Орыс елшісі князь Иван Ураков пен қытай елшісі На-Ванг ордасына келгенде Абылай оларды екі ұшты сөздерімен шығарып салады. Бірақ, оған сенетін Қытай бар ма, қазақ елінің іргесіне әскерін әкеледі. Абылай дереу хан кеңесін шақырып, би мен батырларды қытайға қарсы соғысуға шақырады. Біраз даудан соң оған кеңеске қатысқандар келіседі. Сөйтіп, жауға қарсы аттанған қазақ қолы ел мен жер бүтіндігін аман алып қалады.

Иә, Абылайдың негізгі арманы осы еді. Қазақтың қарыс жерін жау қолына бермеу, ел бірлігін сақтау. Авторлар оның аузына қойылымның соңында: «Арманым – бүкіл түркі жұртының басын қосып, алынбас қамалға айналу» деген сөздерді салған екен. Ол қазіргі таңда әлі де арман болып келе жатса да, түптің түбінде бұған да қол жеткізерміз.

Сөзіміздің соңында актерлердің ойынынан алған әсерімізді де айтсақ, басты рөлде ойнап, Абылайдың бейнесін сомдаған Қуандық Қыстықбаев қойылымға мәртебелі қонақтар қатысқаннан кейін қобалжып, кейіпкерінің бейнесін керек шамада аша алмаған тәрізді. Есесіне Қалдан Серен болған Жанқалдыбек Төленбаев қоңтайшының бейнесін мінсіз көрсетіп шықты. Ержан Нұрымбет (Әмірсама), Айман Қарпсейітова (Топыш), Қасымхан Бұғыбай (Жалбы), Кеңес Нұрланов (князь Иван Ураков) сынды актерлердің өнері жөнінде де соны айтуға болады. Қытай елшісі На-Вангты ойнаған Дастан Әлімовтің образға кіргенше сонша, оның сөйлеген сөздеріне, істеген қимылдарына көрерменнің ішек-сілесі қатты. Демек, «Абылай ханның арманы» тарихи драмасының жаңа нұсқадағы қойылымы сәтті өтті десек, қателеспеспіз. Мұны Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы секілді үлкен мерекеге театрдың тамаша тартуына балаймыз.



### **Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА, ҚР Мемлекеттік хатшысы:**

*– Қазақ хандығының 550 жылдығы аясында жыл бойына мәдени және ғылыми бағыттағы әртүрлі іс-шаралар өтеді. «Абылай ханның арманы» драмасының жаңа нұсқада ұсынылуы сондай шаралардың қатарына кіріп отыр. Бұл қойылымның тәрбиелік маңызы зор.*

*Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Абылай аңсаған азаттық» атты мақаласында Абылай ханның тұлғасы мен ел үшін сіңірген еңбегін жақсы көрсетті. Мына қойылым соған анық көзімізді жеткізіп отыр.*